



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**
(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН
АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар Кеңесі 2023 жылғы 1 желтоқсанда өткен акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер және сырттай дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып, акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің оныншы мәселе бойынша шешімі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 қазандағы сырттай отырысының № 49 хаттамасында) бекіту.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 742 690 985. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер даусының жалпы саны 8 560 687 805. «Жақтағандар» – 8 560 687 805, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім жиналыста ұсынылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданды.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Мажит Тулеубекович Есенбаевтың өкілеттігі 2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап оның жазбаша хабарламасы негізінде өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 742 690 985. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер даусының жалпы саны 8 560 687 805. «Жақтағандар» – 8 552 687 805, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 8 000 000, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын ұлғайту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы 7 (жеті) адамнан 8 (сегіз) адамға дейін ұлғайтылсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 742 690 985. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер даусының жалпы саны 8 560 687 805. «Жақтағандар» – 8 552 687 805, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 8 000 000, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттік мерзімін айқындау туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Жаксыбек Абдрахметович Кулекеев тәуелсіз директор және Жомарт Досанкулович Нурабаев «Холдинговая группа «АЛМЭКС» АҚ өкілі ретінде сайлансын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 742 690 985. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер даусының жалпы саны 8 560 687 805. Акционерлердің жалпы жиналысында тіркелген кумулятивтік дауыс беру үшін акционерлердің жалпы дауыс саны 17 121 375 610, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге 17 105 375 610 кумулятивтік дауыс қатысты, ал 16 000 000 кумулятивтік дауыс қатыспады.

Кумулятивтік дауыс беру нәтижелері: Жаксыбек Абдрахметович Кулекеев – 9 145 088 645 кумулятивтік дауыс, Жомарт Досанкулович Нурабаев – 7 960 286 965 кумулятивтік дауыс.

2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Жаксыбек Абдрахметович Кулекеев пен Жомарт Досанкулович Нурабаевтың өкілеттік мерзімі – олар сайланған сәттен бастап және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің 2023 жылғы 25 мамырдағы жылдық жалпы жиналысында белгіленген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің қазіргі құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін айқындалсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 8 742 690 985. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер даусының жалпы саны 8 560 687 805. «Жақтағандар» – 8 552 687 805, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 8 000 000, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі**